ISSN 1607-2774

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

№2 (90) 2020

СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ГОСУДАРСТВЕННОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМЕНИ ШАКАРИМА ГОРОДА СЕМЕЙ

SHÁKÁRIM ÝNIVERSITETI
SEMEI

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

В Е С Т Н И К

ГОСУДАРСТВЕННОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМЕНИ ШАКАРИМА ГОРОДА СЕМЕЙ

Семей – 2020

8. Sultanov T.I. Russia and Kazakhstan: the history and problems of interaction (XVI – early XX centuries) // Russia, the West and the Muslim East in the colonial era. - St. Petersburg, 1996. – S. 163.
9. Abuseitova M.Kh. Kazakhstan and Central Asia in the XV-XVII centuries. (history, politics, diplomacy). – Almaty: Dyke-Press, 1998. – S. 268.
10.Zhappasov J.E. XVI-XVIII c. History of Kazakh-Russian relations. – Almaty: Kazakh University press, 2014. – 200 p.

ТӘУЕКЕЛ ХАННЫҢ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫ

Қ.Қ. Байсарина, Д.Ж. Сейтказыева

Аталған мақалада орта ғасырларда тарих сахнасына көтерілген Қазақ хандығының билеушісі әйгілі Шығай ханның баласы – Тәуекел ханның тұсындағы мемлекеттің ішкі саяси жағдайының өзгеруі мен көрші жатқан орыс елімен байланысы, саяси-дипломатиялық, әскери, сауда-экономикалық байланыстарының тарихы орта ғасырлық жазба деректер мен тарихнамалық еңбектердің негізінде зерделенген. Қазақ хандығының сыртқы саясаты, оның көршілес мемлекеттермен қарым-қатынасы өзінің дербес ел екендігінің белгісі болып табылады.

Қазақ хандығы көршілес Ресей мемлекетімен саяси, экономикалық байланыстар жасауы, атап айтқанда сауда қарым-қатынастарын орнату екі ел үшін де тиімді болып табылады. Қазақ халқының белгілі хандары Қасым, Хақназар және Тәуекел хандар бастаған еліміз көршілес мемлекеттермен елшіліктер алмасып, дипломатиялық қары-қатынастың алғашқы қадамдарын жасады. Әсіресе, Мәскеу мемлекетімен болған алғашқы ресми дипломатиялық байланыстардың тарихы, маңызы көрсетіліп, XVI-XVIII ғасырларда орыс мемлекетімен дипломатиялық ресми қатынастарды шебер орнатқан, қазақ мемлекеттілігінің пайдасына шеше білген Тәуекел ханның ішкі және сыртқы саясаты еңбекте жан-жақты талданады.

Түйін сөздер: *хандық, мемлекеттілік, саяси, халықаралық байланыстар, тұлға, дипломатия.*

ДИПЛОМАТИЧЕСКИЕ ОТНОШЕНИЯ ТАУКЕЛ ХАНА

К.К. Байсарина, Д.Ж. Сейтказыева

В данной статье изучалась история средневековых письменных источников и историографических трудов правителя Казахского ханства, видного сына Шыгай хана – Таукель хан, его связь с соседними русскими странами, история политико-дипломатических, военных, торгово-экономических связей. Внешняя политика Казахского ханства и его отношения с соседними государствами являются признаком независимости казахского народа.

Казахское ханство поддерживает политические и экономические отношения с соседним российским государством, в частности, установление торговых отношений, что выгодно для обеих стран. Наша страна во главе с известными ханами казахского народа, ханами Касым, Хакназар и Таукель, обменялась посольствами с соседними государствами и сделали первые шаги в дипломатических отношениях. В частности, показана история и значение первых официальных дипломатических отношений с государством Москва, подробно проанализирована внутренняя и внешняя политика хана Таукеля, который умело установил дипломатические отношения с российским государством в XVI и XVIII веках, решенные в пользу казахской государственности.

Ключевые слова: *ханство, государственность, политический, международные отношения, личность, дипломатия.*

ҒТАХР: 03.19

Г.К. Жапекова[1], М.С. Джангужиев[1], Н.С. Киясова[2]
[1]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.
[2]Орал қаласы Ә. Молдағұлова атындағы № 38 мектеп лицейі

ҚАЗАҚ – ТАТАР ҚАТЫНАСТАРЫ: БАСТАУЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа: *Тәуелсіз Қазақстанның қазіргі даму жағдайында зерттеудің өзектілігі түркі халықтарының өзара қарым-қатынасы, тарихы, әлеуметтік, мәдени, экономикалық және саяси қатынастары мәселелерін анықтау болып табылады. Зерттеушілердің назарына бұл мәселе XX ғасырдың ортасынан тартады. Түркі тілдес халықтардың жалпы этнолингвистикалық және конфессиялық жүйеге жататын, тарихи шығу тегі ортақтығымен біріктірілген өзара қарым-қатынастарын зерттеу жөніндегі еңбектері аса қызығушылық тудырады. Мақалада зерттеудің нәтижелері тарихи тамырлары ортақ қазақ және татар халықтарының қарым-қатынас мәселелерін қарастырған. Авторлар бұл түркі тілдес халықтардың, түркі тілдерінің қыпшақ тобы*

негізіндегі, бір этнолингвистикалық жүйеге жататындығын және конфессияға қатыстылығы бойынша сүнниттік бағыттағы ислам дінін ұстанатындығын атап өтуде. Авторлар өз кезегінде екі халықтың тарихи-мәдени байланыстарына зор маңыз беруде.

***Түйін сөздер**: Ұлы дала, қазақ және татар қатынастары, мәдениет.*

Түркі тілдес халықтардың қарым-қатынас мәселелерін, тарихын, әлеуметтік, мәдени, экономикалық және саяси қатынастарын айқындау өте өзекті болып табылады. Жаһандану дәуіріндегі байқалып отырған бірігу процестері этносаралық байланыстарды күшейтуде және де бұл процестер тұтастай алғанда позитивті тренд болады.

Ұлы дала біртұтас мәдени және географиялық өңірі болса, түркі тілдес халықтардың қарым-қатынастары өте ерте ғасырлардан бастау алады. Л. Н. Гумилев былай деп жазған: «Шығыста Қытайдың ежелгі өркениетімен, ал Батыста – көнелігі бойынша одан кем түспейтін батыс еуропалық жартылай континентінің мәдениетімен шекараласа отырған бұл географиялық белдеуде шаруашылық салттары, діндері, әлеуметтік мекемелері мен әдет-ғұрыптары түрлі болып келетін, әртүрлі халықтар мекендеген, дегенмен де барлық көршілермен қандай да бір тұтастық сезіледі» [6].

XX ғасырдың 70-80 жылдарының өзінде кеңес дәуірін зерттеушілері арасында тарихи шығу тектерінің ортақтастығымен біріккен, этнолингвистикалық және конфессиялық бір жүйеге жататын түркі тілдес халықтардың қарым-қатынасын зерттеуге арналған еңбектер пайда бола бастады [17]. Осы мезгілде Бүкілодақтық түркологиялық конференциялар өтіп жатады, олардың ішінде белгілері: 1976 жылдың 27-29 қыркүйек аралығында Алматыда «КСРО түркі халықтарының этносаралық және тарихи-мәдени байланыстары» тақырыбында өткен Бүкілодақтық түркологиялық конференция [5], кейін мұндай конференциялар 1980 жылы Ташкентте [3] және 1985 жылы Ашхабадта өткізілді [2].

Қазақ және татар халқының қарым-қатынасы ұзақ және берік болған, мысалы, татар халқы Қазақстанда саны жағынан ең көп халықтардың бірі. Татарлар түркі тілдес халықтардың ішіндегі ең ірісі болып және бұрынғы заманда Бұлғар хандығында кең байтақ территорияны алып жатқан, көптеген этнотерриториялық топтарды біріктірген өздерінің мемлекеттілігі болған. Бұлғар тайпаларының Еділ өзенінің орта ағысы мен Кама өзені өңіріне қоныс аударуы VIII ғасырдың екінші жартысына келді, бұл жерде олар Еділ Бұлғариясы мемлекетін құрды. Бұлғария мемлекеті алғашқы кезде Хазар қағандығына тәуелді болды, кейін Хазар қағандығы құлағаннан (960 жж.) толықтай өз тәуелсіздігін алды. 922 жылы Алмұштың тұсында ислам діні мемлекеттік дін ретінде қабылданды [8]. Біртұтас татар халқының қалыптасуы сол этноаумақтық топтар ішінде өтті. Біртұтас «татарлар» этнонимінің қалыптасу процесіне үлкен әсерін тигізген, бұрынғы Бұлғария жерінде татарлар мекендеген ірі хандықтардың (Қазан, Астрахан, Сібір) пайда болуы «татарлар» атауының орнығуына жағдай жасады.

Қазақ және татар халықтарын ортақ шығу тегі жақындастырады, атап айтсақ тілдерінің жақындастығы, татар және қазақ тілдері түркі тілдерінің қыпшақ тобына жатады, сонымен бірге оларды біріктіретін сүнниттік бағыттағы ислам діні болып есептеледі. Татарлардың қазақ даласына жаппай қоныс аударуын зерттеушілер XVIII ғасырға жатқызады, бірақ бұл мәселеге қатысты терең зерттеулер татарлармен байланыс тарихының өте ертеден, Алтын Орданың қалыптасқан уақытынан бұрынғы сонау X-XIII ғасырлардан бастау алғандығын көрсетеді. М. Каримовтың пікірінше: «Алтын Орда кезеңінде, тіпті одан да кейінгі кезеңде де қазақ және татар ұлттары деген түсінік болмаған. Ол кезеңде барлығы да түркілер деп аталып, барлығын да біртұтас тіл болған» [10].

Бұл халықтардың тарихи ортақтығына белгілі тұлға, ақын, философ, аты аңызға айналған кейіпкер Асан-кайғының (XIV ғасырдың аяғы – 1460 жылдар), Асан-кайғы Бұлғарда дүниеге келген Қазанда оқыған. Татарлардың тарихи дереккөздерінде оны Хасан-кайғы деп атаған. Асан-кайғы Ұлы-Мұхаммедтың беделді биі болған. Ұлы-Мұхаммед – Қазан хандығының негізін салушы, Қасым хандығының негізін қалаушы, Қазан хандығы Қазан ұлысы жерінде бөлініп шыққан (Еділ Бұлғариясының бұрынғы жері). Өзінің өркендеу кезеңінде (XV ғ. екінші жартысында) Қазан хандығының территориясы Еділ Бұлғариясының жерінің көлемінен едәуір асып түсіп, шамамен 700 мың шаршы км-ге жеткен [4]. XV ғасырдың 50-ші жылдарындағы Шығыс Дешті-Қыпшақтағы саяси күрес кезінде Асан-кайғы Әбілқайыр ханның қарсыластары –1456 жылы Батыс Жетісуда Қазақ хандығын құрған сұлтандар Керей мен Жәнібектің жағында болды. Жаңа хандықтың идеологы болды, барлық қазақ рулары мен тайпаларының біріктірудің жақтасы болды [9].

Белгілі болғандай, Мәскеу кнәздігі Қазанды бірнеше рет өзіне бағындыруға талпынды. Сонау 1467 жылы Қазан тағына ханзада Қасымды таққа отырғызу үшін, орыс әскерлері Қазанға жорық жасады. XV ғасырдың үшінші ширегінде Мәскеу мен Қазан арасында Еділдің жоғарғы бойындағы жерлер үшін мүдделер қақтығысы пайда болып, мемлекеттер арасындағы ашық көріне бастаған қайшылықтар орын алды. Қазан билігіне Мәскеуге жақын ханды қоймақшы болған талпыныстан кейін Иван IV бірнеше әскери жорықты бастады. 1552 жылы Қазан шабуылмен алынды, Қазан хандығы өзінің өмір сүруін тоқтатты, ал Еділдің орта бойындағы жерлердің көптеген бөлігі Ресейге қосылды. Қазанның алынуы мен Қазан хандығымен күресте жеткен жеңістің құрметіне Мәскеудегі Қызыл алаңда IV Ивандың бұйрығы бойынша Василия Блаженный соборы салынды. Қазан алынғаннан кейін және 1713 жылғы I Петрдің аумақтық-мемлекеттік реформасына дейін, жаулап алынған Қазан хандығы тәуелді мемлекеттік құрылым болды [1].

Қазан хандығын жаулап алғаннан кейін, оның қайта күшеюінен қорыққан Иван Грозный татарларды күштеп шоқындыру саясатын жүзеге асырды, бұл татарлардың Ресейдің шеткері аймақтарына, біріншіден, Орал өңіріне, Батыс Сібірге және Солтүстік Қазақстанға бастапқы кетуінің ең алғашқы себептері болды. XVII ғасырдың бірінші жартысының өзінде Оралда Татар ауылдары қалыптаса бастады, мұнда казактардан басқа жер өңдеумен, қолөнермен, саудамен айналысқан татарларда қоныстана бастады.XVIIғасырдың екінші жартысында Астраханның татар көпестері 1640 жылы негізі қаланған төменгі Жайық қалашығында (қазіргі Атырау қ.). пайда бола бастады. XVIII ғасырдың бірінші жартысында татарлар қазақ хандарының кеңсе хатшылары мен аудармашылары ретінде қазақ даласының басқа өңірлерінен де табыла бастады [19].

Кейін бұл саясатты жалғастырған I Петр Жарлық шығарады, онда барлық мырзалар мен тұрғындарға жарты жыл ішінде православие дінін қабылдауды, егерде бас тартқан жағдайда – оларды барлық құқықтар мен мүліктерінен айыруды бұйырады. XVIII ғасырдың 70-ші жылдарына дейін Ресей империясына орыс емес халықтарды біріктірудің негізгі әдістерінің бірі - дін болды, атап айтсақ, шоқындыру және де күштеп [17]. Карамзиндердің, Аксаковтардың, Кутузовтардың, Тургеневтердің арғы аталары және көптеген белгілі ресейлік қайраткерлердің ұрпақтары бағынуға мәжбүр болды. Татарлардың басқа бір бөлігі, діндерін ауыстырудан бас тартқандар, барлық атақтары мен жинаған мүліктерінен айрылып, Орта Азия, Қазақстан мен Орал өңіріне қоныс аударылғандар қатарын толтыруға мәжбүр болды. Қоныс аударушылардың екінші кезеңі I Петрдің әскери қызметке шақыру туралы Жарлығынан басталды, алайда бұған дейін ұлттық шеткері аймақтардың халықтары «бұратана» халық ретінде әскери қызметке шақырылмаған еді. Сондықтан татарлар 25 жыл әскери қызмет атқармауы үшін Қазақстан жеріне қоныс аудара бастады. Қазақстан жеріне қоныс аударған көптеген татарлар – қазақтардың тегін алып, қазақ балалары болып жазылған. Жетісу татарларының көбісі, тіпті барлығы десе де болады, қоныс аударушылардың осы тобына жатады. Көпестер әулетінен шыққан көптеген татарлар мен помещиктер әскери қызметтен пара беріп құтылып, кейін Қазақстанның солтүстік аймақтарына қоныс аударып, Петропавлда, Павлодарда, Семейде, Өскеменде және басқа да қалалардың жанында татар ауылдары мен қоныстарының негізін қалаған [11].

XVIII ғасырдың екінші жартысында бірнеше себептерге байланысты, татарлардың белсенді қоныс аударуы жалғаса берді. Сыртқы саяси факторлардың бірі 1730 жылы Кіші жүздің Ресей империясына қосылуы, одан әрі қарай Орта Жүздің бір бөлігінің отарлана бастауы болды. Орта Азияға ілгерілеу қажеттілігіне қарай II Екатеринамен (1762-1796), орыс үкіметімен жаңа шығыс саясаты жасалады. 1773 жылғы Жарлық дәстүрлі элитаның басқарушы династияға жақсы көзқарасын қалыптастырумақсатын көздей отырып, биліктің мұсылман дінбасыларымен, түркі тілдес халықтармен қарым-қатынасына қатысты дінге еріктілік негізіне негізделді [17]. II Екатеринаның саясатын іске асырудың алғашқы қадамдарының бірі 1782 жылғы 8 шілдедегі және 1784 жылғы 2 мамырдағы мешіттердің құрылысы туралы Жарлықтары болып табылады. Ресей империясының жаңа саяси курсының келесі кезеңі 1785 жылғы 25 қарашадағы және 1787 жылғы 21 сәуірдегі қазақ руларын татар молдаларымен қамтамасыз ету туралы Жарлығы болды [17]. XVIII-XIX ғасырларда татарлар іс жүзінде қазақ даласының барлық жерінде қоныстандырылды. Олардың қазақ даласындағы жалпы саны 50 000 астам адамға жетті [19].

Тағы бір атап өтерлігі, Бөкей хан және Кіші жүздің өкілдері 1801 жылы Еділ мен Жайық өзендері аралығында Бөкей Ордасын құрды, ол Астрахан губерниясының құрамына

кірді. «Бөкей ханның ұлдарының бірі – Жәңгір хан, Астраханда оқыған. Ол өзіне әйелдікке Уфаның мүфтиі Мұхамеджанның қызы татар қызы Фатманы алады. Жәңгір хан прогрессивті беделді хан болып саналды. Ол өзінің хандығында мектеп пен медресе ашты, онда қазақтар оқытылып, кейін молда болып шықты» [10]. XIX ғасырдың ортасына қарай Ішкі Ордада 38 мұсылман мектебі болды, оларда 400 оқушы білім алды, соның ішінде қазақтар - 350, татарлар – 50 [18].

Әлеуметтік мәдени қарым-қатынастардың келесі факторы, Ресейде болып жатқан жалпы тарихи және саяси өзгерістермен байланысты. 1812 жылғы Отан соғысы, басыбайлылық құрылысқа қарсы 1825 жылғы желтоқсаншылар көтерілісі, 1861 жылғы реформа. XIX-XX ғасырдың басында қазақ даласында әлеуметтік қолдауға, рухани инфрақұрылымның қалыптасуына, сонымен қатар, қаланың қоғамдық өміріне елеулі үлес қосқан татар буржуазиясының мықты әлеуметтік тобы қалыптасады. Татарлардың Қазақ даласына «еніп кетуінің» әзірлік кезеңі олардың қазіргі Қазақстанның шекаралас батыс жерлеріне көптеп қоныстануы болды.

XIX ғасырдың екінші жартысында, әсіресе 1861 жылғы реформадан кейін, Ресейде капитализм жылдам қарқынмен дами бастады, буржуазиялық қатынастар қалыптаса бастады. Қазақ даласында қалалардың және Орта Азия хандықтарымен, Қытаймен транзиттік сауданың дамуымен татар көпестерінің саны көбейе бастады. Сауда, әдетте татарлардың отбасылық ісі болып саналды. Татар көпестері мен өнеркәсіп иелері қаланың өзін-өзі басқару ісіне белсене қатысты және әрдайым Қазақ даласындағы қалалардың ашық қалалық Думасына сайланып отырды.

Сонымен қатар, азаттық қозғалысы пайда болып, ағарту идеялары да ене бастады. Аталмыш кезең кеңес тарихнамасында буржуазиялық-демократиялық кезең деген атау алды. Ресейдегі күрестің шиеленісуі мен азаттық қозғалысының дамуы Татарстан мен Қазақстандағы қоғамдық қозғалыстың дамуына жағдай жасады. Рухани өмірдің басты орталықтары қалалар болды. 1804 жылы Қазан университеті және басқа да түрлі оқу орындары ашылды. XIX ғасырдың бас кезінен бастап Қазанда баспахана, түрліше баспа орындары да пайда болады. Мұнда татар, қазақ және басқа тілдерде кітаптар басылып шығады. Сөйтіп ғасырлар бойы ұлттық мәдениеттің ошағы болып келген кәрі Қазан енді орыс және Еуропа мәдениетін татарлар арасына таратушы орталыққа айналды [22].

Қазақ және татар ағартушылары арасынан Шоқан Уәлиханов пен Хусаин Фаизханов ерекше орын алады. Олардың туысқан түркі халықтарының тағдыры, тарихы, мәдениеті, тілі мен әдебиеті бойынша ортақ көзқарастар туралы ойларға толы шығармалары ағартушылық идеясының пайда болуына және түркі халықтарының мәдениетінде жаңа бағыттың дамуына жағдай жасады. Мысалы, қазақтың тұңғыш ағартушы-ғалымы Шоқан Уәлиханов алғаш рет ауыл молдасынан, татар мұғалімінен оқып, хат танығаң. Оның үстіне Ш. Уәлиханов тек озат ойлы татар оқымыстыларымен де таныс болған. Мысалы, XIX ғасырдың орта кезінде өмір сүрген татардың атақты оқымыстысы Ш. Маржанимен таныс болған және онымен кездесіп отырған [14].

Татар ағартушыларының бірі – Хусаин Фаизханов (1828-1866). 1862 жылы «Татар тілінің қысқаша грамматикасы» атты еңбегін бастырады. Татар ғалымы Х.Фаизхановтың өмірі туралы қазақ тіліндегі алғашқы деректі Семей пединституының доценті Қ.Мұхамедханов жазып, жариялаған [15]. Хусаин Фаизханов Шоқан Уәлихановтың ең жақын достарының бірі болған. Хусаин Фаизханов пен Шоқан Уәлихановтың өзара жазысқан хат-хабарлары мен жақын достығы туралы мұрағат материалдары сақталған. Ш.Уәлиханов қазақ халқының тарихын, тілін, әдебиетін талдай отырып, қазақтар мен татарлар бір хандықтың (ноғай-татар хандығы), билігінің қол астында өмір сүргендігі, соған байланысты, көптеген ауыз әдебиетінің түрлері біріктірілгендігі туралы пікір айтқан [21].

Сонымен бірге, Ш. Уәлиханов татар молдаларының діни ағарту саласында болып жатқан басымдығын атап өткен. Ш. Уәлиханов өз пікірінде: «Жалпы айтқанда Еуропа мәдениетіне жету жолында қазақ халқының алдында... татар дәуірін бастан кешіру сияқты қатерлі белес тұр... Ал ақыл-парасаты тың, ұғымтал қазақ халқы бұл татар ағартушыларынан ақыл-ой мен сезімнің өркендеуіне тосқауыл бола алатын өлкеде басқа не күте алады?» [16]. Х.Фаизханов көзінің тірісінде татар медреселеріне реформа жасау жөнінде өзінің жобасын жасап, өкімет орындарына ұсынады, бірақ бұл кейбір татар ғалымдарынан қолдау таппағандықтан, жүзеге асырылмай қалады.

XIX ғасырдың бірінші жартысында татар ағартушысы сонымен қатар Қаюм Насыри Н (1825-1902) ағартушылық қызметі мен әдеби мұрасы қазақтар арасында кең танымал болды. Әсіресе, оның 1872 жылы жарық көрген «Әбуғалисина хиссасы» атты аңыз-әңгімесін қазақтар сүйіп оқыған. [22]. Қазақ баспасөз беттерінде Қ. Насыри туралы бірнеше мақалалар жазып, ұлы ағартушының өмірі мен қызметін қазақ оқушыларына кеңінен насихаттады [12]. Белгілі қазақ ағартушысы Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының зайырлы білімінің негізін қалады. Төрт екі сыныптық орталық орыс-қазақ училищесін, бір қолөнер училищесін, Қазақстандағы бірінші әйелдер училищесін ашты [7]. Ыбырай Алтынсариннің қазақ балаларына арналған оқулықтары Қазан қаласында басылды.

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстаның мәдени өмірінде қазақ-татар әдебиетін жақындастырушы тағы бір әдеби құбылыс пайда болды. Қазақ-татар әдебиетінің өкілі - Ахмет Оразаев-Құрмаши-Кызылжари. Ол қазақ-татар тілін еркін меңгергендіктен, қазақ-татар әдебиетін жақсы білген, әсіресе ауыз қазақ әдебиетінің әсерінен, өзінің шығармаларында қазақтың әдеби тілін көп қолданған. Ахмет Оразаев Звернигоровскада тұратын татар отбасында дүниеге келген. Бастауыш білімін Қызылжар (Петропавловск) қаласындағы татар медресесінде тамәмдаған. Кейін оқуын Қазан қаласында жалғастырған. Соңғы жылдары (1880 жылдары), ол Қызылжарға қайтып келіп, өзінің өмірін балаларды оқытуға арнаған. Сондықтан ақынның «ұрмаши «сөздерді жазып алушы» деген лақап атынан басқа Қызылжари деп те атайды [20]. XIX ғасырдың аяғында XIX ғасырдың екінші жартысы мен соңғы ширегінде өмір сүрген татар ақындары мен жазушылары тек қана қазақтың бай ауызша әдебиетін ғана зерттеп қоймай, әсіресе, қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың да шығармашылығымен де таныс болған. Ұлы Абай сауатын ауыл молдасында ашқан, кейін оқуын Семейдегі татар медреселерінің бірінде жалғастырған. Оның өлендері алғашқы рет Орынбордағы татар басылымдарында жарияланған [16].

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ ортасында шығыс әдебиетінің түрлерін таратушы негізінен татарлардың ақын-жазушылары болды. Шығыстың небір әсем романтикалық поэмалары татар баспаларында кітап болып басылып шығып, қазақ арасына кең тараған. Абай татар халқының рухани күшін жоғары бағалаған. Оған дәлел Абай өзінің екінші қара сөзінде: «Ноғайларға қарасаң солдаттыққа да шыдайды, кедейлікке де шыдайды, қазаға да шыдайды, молда, медресе сақтап, дін күтуге де шыдайды. Еңбек қылып, мал табудың да жолын солар біледі, салтанат, әсемдікте соларда... Оның бәрін бірін-бірі қуып, қор болмай, шаруа қуып, өнер тауып, мал тауып, зор болғандықтың әсері», -деп жазған екен [13]. Атап өту керек, патшалық Ресей, Кеңес өкіметіне дейінгі және Кеңес өкіметі кезеңінде көптеген қазақ зиялыларының өкілдері білімді Татарстанның оқу орындарында алды. XIX ғасырдың соңында татар медреселері іс жүзінде Қазақ даласының барлық ірі қалалары мен татарлардың ауылдық елді мекендерінде жұмыс істеді. XIX ғасырдың соңында Қазақстанның солтүстік өңірлері тұтастай ислам дінінің ықпалында болды [23].

Сонымен, қазақ-татар қарым-қатынастары процесін зерттеу, олардың тарихи тағдырына қайта мән берілуі ұлттық сәйкестікті түсінудегі, ұлттық мүдделерді нығайтудағы маңызды аспекті болып табылады.

Әдебиеттер

1. Алишев С. Казань и Москва: межгосударственные отношения в XV-XVI вв. [Текст]. – Казань : Татар. кн. изд-во. 1995, – 160 с. – ISBN 5-298-00564-0

2. Алишев С. Основные этапы развития культурных связей татар Поволжья с народами Средней Азии. [Текст] / С. Алишев. // Вопросы советской тюркологии (IV Всесоюзная тюркологическая конференция). Ашхабад : [б. и.], 1985. – С. 328-330.

3. Алишев С. Торговые связи казанских татар со Средней Азией и Казахстаном. [Текст] / С. Алишев. // Всесоюзная тюркологическая конференция.Тезисы докладов и сообщений. – Ташкент : [б. и.], 1980. – С. 174-176.

4. Беспалов Р. А. Хан Улу-Мухаммед и государства Восточной Европы: от Белёва до Казани (1437—1445). [Текст] / Р. А. Беспалов. // Золотоордынская цивилизация. – Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2012. – Вып. 5. – С. 53-70.

5. Валеев А. Этногенетические связи и этнокультурные контакты западно-сибирских татар с казахами в (XIX- начало XX вв.) [Текст] / А. Валеев. // Этнические и историко-культурные связи тюркских народов СССР. Всесоюзная тюркологическая конференция 27-29 сентября 1976 г.) Алма-Ата : [б. и.], 1976, – С. 28-29

6. Гумилев Л. Хунну. [Текст]. - СПб. : ИКА "Тайм-аут" : КОМПАСС, 1993. - 212 с. – С.8. –ISBN 5-85990-092-9
7. Женские училища [Текст]. // Казахстан. Национальная энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005. – Т. 2. – 560 с. – ISBN 9965-9746-3-2.
8. Казаков Е. П. Культура ранней Волжской Болгарии : (Этапы этнокульт. истории) / Е. П. Казаков; Рос. АН, Казан. науч. центр, Ин-т яз., лит. и истории им. Г. Ибрагимова. – М. : Наука, 1992. – 332,[2] с. : ил.; 22 см.; – ISBN 5-02-010111-7
9. Казахская ССР: краткая энциклопедия [Текст] / Гл. ред. Р. Н. Нургалиев. – Алма-Ата: Гл. ред. Казахской советской энциклопедии, 1991. – Т. 4.– 598 с. – С. 131. – 31 300 экз. – ISBN 5-89900-006-2.
10. Каримов М. Казахи и татары были одним народом inform.kz [Электронды ресурс]. – URL: https://www.inform.kz/ru/kazahi-i-tatary-byli-odnim-narodom-istorik_a3028766, (пайдаланған уақыты: 25.01.2019).
11. Керейбаева А.С. Национально-конфессиональный и половозрастной состав купечества Степного края второй половины XIX начала XX в. [Текст] / А.С. Керейбаева // Известия Алтай. гос. пед.ун-т. Сер. История. – 2016. – № 1. – С. 76-80. – Библиогр. : с.76
12. Сыздықова Р.Ғ. Текстология мәселелері. [Текст] / Р.Ғ. Сыздықова // Қазақ әдебиеті. –1964. – 27 март. – 4 б.
13. Құнанбаев, А. Шығармаларының толық жинағы [Мәтін] / Абай Құнанбаев; Жауапты редактор Н.Т. Сауранбаев. – Алматы: Қазақтың біріккен мемлекет баспасы, 1945.- 504 б.
14. Мұқанов, С. Жарқын жұлдыздар. [Мәтін] : Ш.Уалиханов пен А.Құнанбаевтың өмірі мен творчествосы туралы / Мұқанов С. - Алматы : Мектеп, 1964. – 352 б..
15. Мұхамедханов Қ. Шоқанның досы Хұсааин Фаизханов [Мәтін] / Қ. Мұхамедханов // «Қазақ әдебиеті», 1965. – 12 қараша. – С. 17.
16. Орынбеков М. С. Философские воззрения Абая. [Текст] – Алма-Ата: Білім, 1995. –136 с. – ISBN 5-7404-0181
17. Султангалиева Г.С. Западный Казахстан в системе этнокультурных контактов (XVIII начало XX в.в.) / Султангалиева Г.С. - Уфа, 2001. – 257, [1] с. : ил., портр.; 21 см.; ISBN 5-94705-007-2.
18. Тажибаев Т. Т. Просвещение и школы Казахстана во второй половине XIX века [Текст]. - Алма-Ата : Казгосполитиздат, 1962. – 507 с. : ил.; 21 см.
19. Татары в Казахстане // Казахстанский информационный портал. [Электронды ресурс]. – URL: http://www.kazportal.kz/tataryi-v-kazahstane/, (пайдаланған уақыты: 07.02.2019).
20. Татар поэзиясының антропологиясы. [Мәтін]. – Қазан : [б. и.], 1956. – 253 б.
21. Уәлиханов Ш. Шығармалары [Мәтін] / Ш. Уәлиханов. – Алматы : Ана тілі, 2010. - 319 б. - (Мерейтойлық әдебиет). - ISBN 978-601-251-039-3
22. Ысқақов Б. Қазақ және Еділ бойы халықтары әдебиеттерінің идеялық-творчестволық байланыстары (шығу тегі мен жолдары). [Мәтін]. – Алматы: Арыс, 2007. – 276 б. ISBN 9965173591 р.760.00.
23. Zhapekova G. K., Kabidenova Z. D. Peculiarities of religious identity formation in the history of Kazakhstan. [Text] / G. K. Zhapekova, Z. D. Kabidenova // European Journal of Science and Theology, 2018. – Vo14, No. 2. – P. 109-120. – ISSN 1841-0464

КАЗАХСКО-ТАТАРСКИЕ ОТНОШЕНИЯ: ИСТОКИ И ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ

Г.К. Жапекова, М.С. Джангужиев, Н.С. Киясова

В современных условиях развития независимого Казахстана, одним из актуальных вопросов является определение проблем истории взаимоотношений, социальных, культурных, экономических и политических контактов тюркских народов. Внимание исследователей к данной проблематики возрастает с середины XX века. Наибольший интерес вызывают труды по изучению взаимоотношений тюркоязычных народов, относящихся к единой этнолингвистической и конфессиональной системе, объединённые общностью исторического происхождения. В статье рассматриваются проблемы взаимодействия казахского и татарского народов, их общие исторические корни. Авторы отмечают, что эти тюркоязычные народы сближает общее происхождение, близость языков, относящиеся к кыпчакской группе тюркских языков, а также объединяющим является ислам суннитского толка. Авторы также придают большое значение историко-культурным связям двух народов.

***Ключевые слова**: Великая степь, казахско-татарские отношения, культура.*

KAZAKH-TATAR RELATIONS: THE ORIGINS AND PECULIARITIES OF FORMATION.

G. Zhapekova, M. Janguzhiyev, N. Kiyassova

In modern conditions of development of an independent Kazakhstan, one of the topical issues is the identification of problems of interrelations, history, social, cultural, economic and political relations of the Turkic peoples. The attention of researchers to this problem has increased since the middle of the 20th

century. Of greatest interest are the works on the study of relations between Turkic-speaking peoples belonging to a single ethno-linguistic and confessional system, united by a common historical background. The article deals with the problems of interaction between the Kazakh and Tatar peoples, their common historical roots. The authors note that these Türkic-speaking peoples bring together a common origin, a closeness of languages belonging to the Kypchak group of Turkic languages, and also unifying is Sunni Islam. The authors attach great importance to the historical and cultural ties between the two peoples.
***Key words**: Great Steppe, Kazakh-Tatar relations, culture.*

ҒТАХР: 03.20

М.С. Ибраемова, С.Қ.Түйебаева
Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекетттік университеті

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАППАЙ ҰЖЫМДАСТЫРУДЫҢ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ТИГІЗГЕН ЗИЯНЫ

***Аңдатпа:** Мақалада Қазақстан жерінде, оның ішінде Шығыс Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру саясатының жүзеге асуы, қарама-қайшылықтардың өрбуі, кулактар мен ірі шаруашылықтардың мал-мүлкін тәркілеу науқаны және оның халыққа тигізген кері салдары жайлы баяндалады. Күштеп отырықшыландыру мен жаппай ұжымдастыру жылдарында Қазақстандағы дәстүрлі мал шаруашылығының күйреуі, малынан айырылып, баспанасыз қалған халықтың ауыртпашылықтары қарастырылады. Сонымен қатар, ұжымдастыру саясатының барысында халыққа салынған салықтардың көптігінен, елдің тұрмыс деңгейінің төмендеуі, әл-ауқатының әлсірегендігі, әлеуметтік жағдайының күрт нашарлауы талқыланады. Жаппай ұжымдастыру науқаны басталысымен Шығыс Қазақстанның Зырянов, Өскемен, Самар, Шемонайха, Қатонқарағай аудандарында толқулардың болуы, ал 1931 жылы Абыралы, Шыңғыстау, Шұбартау және Ақсуат өңірлерінде бұрқ ете түскен шаруалар көтерілістері, тұрғындардың ұжымдастыру саясатына қарсы жауабының көрінісі болғандығы сараланады.*
***Түйін сөздер:** Шығыс Қазақстан, тәркілеу, ұжымдастыру, отырықшыландыру, колхоздастыру.*

XX ғасырдың 20-жылдарында қазақ халқының негізгі кәсібі және республикадағы халық шаруашылығының басты саласы мал шаруашылығы болып табылды. Сондықтан, осы ғасырдың 20-30 жылдары большевиктердің жүргізген аграрлық саясаты, ғасырлар бойы қазақ даласында қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығының табиғи дамуына кедергі жасады. Ф.Голощекин қазақ халқының көшпелі және жартылай көшпелі дәстүрлі мал шаруашылығын артта қалған, ортағасырлық, мәдениетсіз социалистік құрылыспен үйлеспейтін сала ретінде сипаттап, оны түбірімен өзгертіп, «социалистік» қайта құру бағытын ұстанды. Бұл бағыттың қазақ халқының дәстүрлі мал шаруашылығына тигізетін кері әсері, халықтың әлеуметтік жағдайына зияны ескерілмеді [1]. Ел аузында «Коллективтендіру байды батпаққа батырып, орташаны орға жығып, кедейді кеңірдегінен алды», – деген сөз бекер айтылмаған еді [2].

Қазақстанда мал басының азаюына ең бірінші әсерін тигізген бүкіл елде, оның ішінде Қазақстанда жүргізілген индустрияландыру болды. Қазақстанда осы шараға бағыт алу 1925 жылы желтоқсанда өткен БК(б)П-ның XIV съезінде қабылданған Кеңестер Одағын индустрияландыру шешімімен бірге белгіленді. Партия елге социалистік индустрияландыру жоспарын жүзеге асыру міндетін қойды. Социалистік индустрияландыру саясаты өзінің мазмұны жағынан ірі машиналы өнеркәсіпті, ең алдымен ауыр индустрияны бүкіл халық шаруашылығының салаларын түбегейлі қайта құруды қамтамасыз ететіндей дәрежеде дамытуға бағытталды [3]. Іс жүзінде елді экономикалық артта қалушылықтан шығару, халық жағдайын жақсарту сияқты игі мақсатпен басталған бұл жұмыс әкімшіл-әміршіл, бұлтартпайтын әдіс-тәсілдермен жүргізілді. Жергілікті мамандардың индустрияландыру саясатын жүзеге асыру барысындағы ұсыныс-пікірлері ескерілмеді. Халықтың жағдайын ойлаған ұлт-жанашырларының айтқан пікірлерін, өкімет «ұлтшылдық көрініс» деп бағалап, жазалау шараларын қолдана бастады. Кеңестер Одағында және Қазақстанда индустрияландыру жоспары бойынша салына бастаған құрылыстарға тартылған миллиондаған жұмысшыларды және т.б азық-түлікпен қамтамасыз ету міндеті қойылды. Сол кездегі Кеңестер Одағы жағдайында сырттан инвестиция тарту, жан-жақты көмек алу мүмкін

ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫ

ИСТОРИЧЕСКИЕ НАУКИ

К.А. Асылбеков, С.Г. Есенов
ДРЕВНОСТИ САРЫАРКИ: ПАЛЕОГЕОГРАФИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ РАСПРОСТРАНЕНИЯ ПАМЯТНИКОВ В АКМОЛИНСКОМ РЕГИОНЕ..... 319

М.Қ. Кәрімов, Қ.Қ. Байсарина, С.К. Ахмер
1928 ЖЫЛҒЫ АУҚАТТЫ ШАРУАЛАРДЫ ТӘРКІЛЕУ САЯСАТЫ КҮТКЕНДЕЙ НӘТИЖЕ БЕРДІ МЕ?..... 323

K. Baisarina, D. Seitkazyyeva
TAUEKEL KHAN'S DIPLOMATIC RELATIONS..... 328

Г.К. Жапекова, М.С. Джангужиев, Н.С. Киясова
ҚАЗАҚ – ТАТАР ҚАТЫНАСТАРЫ: БАСТАУЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ..... 333

М.С. Ибраемова, С.Қ.Түйебаева
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАППАЙ ҰЖЫМДАСТЫРУДЫҢ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ТИГІЗГЕН ЗИЯНЫ..... 339

К.У. Купешов, А.Р. Альмухаметов, Б.М. Сатершинов
ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚТЫҢ АРАҚАТЫНАСЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ҚЫРЛАРЫ.... 343

С.Б. Құрманалин
ҚАРАТАЙ НҰРАЛЫҰЛЫ – ОТАРШЫЛДЫҚ ДӘУІРДІҢ ІРІ ҚАЙРАТКЕРІ..... 348

Р.Ж. Мұхамеджанова, А.С. Мұқышева
СЕМЕЙ ПОШТА-ТЕЛЕГРАФ БАЙЛАНЫС САЛАСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНДАҒЫ ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ..... 352

М.С. Ибраемова, Д.К. Жакашев
ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ ДҮНИЕСІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫ..... 358

А.Ш. Адилбаев, Ш.А. Адилбаева, Д.Ж. Молдабаева, А.Б. Акимханов
ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ВОЗЗРЕНИЙ ИМАМА АБУ ХАНИФЫ И МАТУРИДИ..... 363

А.М. Рахимова, А.К. Кайшатаева
ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ СОЦИАЛЬНОГО ПАРТНЕРСТВА В ТРУДОВЫХ ПРАВООТНОШЕНИЯХ..... 368

ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫ

ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ

С.О. Осадчая, Ш.Д. Жайлаубаева
ПОВЫШЕНИЕ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ ПРОМЫШЛЕННОГО ПРЕДПРИЯТИЯ (НА ПРИМЕРЕ ТОО «ВОСТОКУГОЛЬПРОМ»)..... 374

А.С. Койчубаев, М.К. Толымгожинова, М.Б. Галиев
ПОВЫШЕНИЕ РОЛИ ОБЩЕСТВЕННОГО УЧАСТИЯ В УПРАВЛЕНИИ ГОСУДАРСТВОМ ЧЕРЕЗ ЭЛЕКТРОННОЕ ПРАВИТЕЛЬСТВО (на примере РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН)..... 377